

Теңізде және Қазақстан Республикасының сақтық аймағында мұнайдың төгілуі салдарын жоюға арналған дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз етудің ұлттық жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 мамырдағы № 182, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 376 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 19 мамырдағы № 374 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылы 27 маусымда № 17128 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 62-бабының 12) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Теңізде және Қазақстан Республикасының және сақтық аймағында мұнайдың төгілуі салдарын жоюға арналған дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз етудің ұлттық жоспары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. "Теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында мұнай төгілуінің алдын алу және оларға ден қою жөніндегі ұлттық жоспарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Энергетика министрінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 134 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10908 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 12 мамырда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық 2018 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

_____ Қ. Бозымбаев

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

_____ Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

_____ Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары-

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

_____ Ө. Шөкеев

2018 жылғы "___" _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрінің

міндетін атқарушы

_____ А. Евниев

2018 жылғы 5 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі

_____ Е. Біртанов

2018 жылғы 1 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2018 жылғы 28 мамыр

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі

_____ С. Жасұзақов

2018 жылғы 11 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс және аэроғарыш
өнеркәсібі министрі

_____ Б. Атамқұлов

2018 жылғы 7 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі

_____ Қ. Әбдірахманов

2018 жылғы 4 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы

_____ К. Мәсімов

2018 жылғы 15 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Т. Сүлейменов

2018 жылғы 13 маусым

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 15 мамыр № 182
және Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің
2018 жылғы 19 мамыр № 374
және Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2018 жылғы 24 мамыр № 376
бірлескен бұйрығымен
бекітілген

Теңізде және Қазақстан Республикасының сақтық аймағында мұнайдың төгілуі салдарын жоюға арналған дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз етудің ұлттық жоспары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Теңізде және Қазақстан Республикасының сақтық аймағында мұнайдың төгілуі салдарын жоюға арналған дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз етудің ұлттық жоспары (бұдан әрі – Ұлттық жоспар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 62-бабы 12) тармақшасына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Осы Ұлттық жоспар су қабатының бетін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының барлық аумақтарында, сондай-ақ Каспий мен Арал теңіздерінің Қазақстан бөлігі шегіндегі түбінде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында қолданылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

3. Осы Ұлттық жоспардың талаптары мұнайдың төгілу қаупі бар объектілерінің меншік иелеріне, Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарына және мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдарға, 1973 жылғы Кемелерден ластанудың алдын алу жөніндегі 1978 жылғы хаттамамен өзгертілген түзетулері бар халықаралық

конвенцияның күші қолданылатын объектілері бар тұлғаларды қоспағанда, теңізге мұнайдың төгілу қаупімен байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға қатысты қолданылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

4. Ұлттық жоспардың талаптары сондай-ақ шығарылған жері белгісіз мұнайдың төгілуіне қатысты да қолданылады.

5. Осы Ұлттық жоспарда мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) аумақтық жоспарлар – Ұлттық жоспар негізінде азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері әзірлейтін және тиісті облыстардың жергілікті атқарушы органдары бекітетін теңізде және облыстардың сақтандыру аймағында мұнайдың төгілуі салдарын жоюға арналған дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз етудің аумақтық жоспарлары (бұдан әрі – аумақтық жоспарлар);

2) бірінші деңгей – мұнайдың төгілу қаупі бар объектідегі ресурстар арқылы жойылатын мұнайдың шамалы төгілуі (он тонна мұнайдан аспайтын);

3) екінші деңгей – мұнайдың төгілу қаупі бар объект ресурстарына қосымша жағалаудан ресурстар тартыла отырып жойылатын мұнайдың елеулі (орташа) төгілуі (он тоннадан екі жүз елу тоннаға дейін);

4) жеделдетілген тәртіп – неғұрлым қысқа мерзімде жүзеге асырылатын және рәсімдерді аз талап ететін рәсімдеу, шешім қабылдау, мұнай төгілуін жою және ден қою үшін қажетті көрсетілетін қызметтерді, жұмыстарды, құжаттарды қарау, келісу тәртібі;

5) кеме жоспарлары – 1973 жылғы Кемелерден ластанудың алдын алу жөніндегі 1978 жылғы хаттамамен өзгертілген түзетулері бар халықаралық конвенцияға сәйкес әзірленетін мұнайдың ластануымен күресу жөніндегі төтенше шаралардың кеме жоспарлары;

6) мұнай төгілуі – мұнайдың тасталуына, төгілуіне әкелетін немесе әкелуі мүмкін, теңіз ортасына қауіп төндіретін немесе төндіруі мүмкін және жедел шараларды талап ететін мұнаймен және (немесе) мұнай өнімдерімен ластануды туғызатын оқыс оқиға немесе авария;

7) мұнайдың төгілуіне қарсы күрес бойынша кеме жиынтығы – суға құйылған мұнайды оқшалауға және жинауға арналған жабдықтардың және материалдардың жиынтығы;

8) объектілік жоспарлар – тиісті облыстардың Ұлттық және аумақтық жоспарлары негізінде, сондай-ақ мұнайдың төгілу қаупін бағалау және экологиялық жиынтық пайданы талдау негізінде кеме иелерін қоспағанда, мұнайдың төгілу қаупі бар

объектілердің меншік иелері әзірлейтін, теңізге және сақтық аймағында мұнайдың төгілуі салдарын жоюға арналған дайындықты және іс-қимылды қамтамасыз ету жөніндегі жоспарлар, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесімен келісіледі;

9) сақтық аймағы – теңіздің жағалау сызығынан құрлыққа қарай бес километрге созылып жатқан, теңізге мұнайдың төгілуі салдарынан ластануы немесе теңіздің ластану көзі болуы мүмкін құрлық аймағы;

10) теңізде және сақтық аймағында мұнайдың төгілуі салдарын жоюға арналған дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз етудің ұлттық жүйесі (бұдан әрі – Ұлттық жүйе) – теңізде, сақтық аймағында мұнайдың төгілуі салдарын жою кезінде орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың, авариялық-құтқару қызметтерінің, мұнайдың төгілу қаупі бар объектілері меншік иелерінің, теңізде мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдардың және басқа да мүдделі тараптардың өзара іс-қимыл жүйесі;

11) төтенше жағдай – адам шығынына, адамдардың денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге, елеулі материалдық нұқсанға және адамдардың тыныс-тіршілігі жағдайларының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан аварияның, өрттің, қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің, қауіпті табиғи құбылыстың, апаттың, дүлей немесе өзге де зілзаланың салдарынан қалыптасқан белгілі бір аумақтағы жағдай ;

12) үшінші деңгей – мұнайдың төгілу қаупі бар объект ресурстарына және жағалау ресурстарына қосымша елдегі ресурстар мен халықаралық ресурстар тартыла отырып жойылатын мұнайдың көп көлемде төгілуі (екі жүз елу және одан да көп тонна);

13) шығарылған жері белгісіз мұнайдың төгілуі – белгісіз кемеден немесе қандай да бір келісімшарттық аумақтан тыс мұнай дағы болған жағдайда мұнайдың төгілуі.

Осы Ұлттық жоспарда қолданылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 20.05.2021 № 174, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.05.2021 № 225 және ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 25.05.2021 № 260 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4 -т. қараңыз); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

2-тарау. Теңізде және Қазақстан Республикасының сақтық аймағында мұнайдың төгілуі салдарын жоюға арналған дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз етудің ұлттық жоспарының мақсаттары мен міндеттері

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

6. Ұлттық жоспардың мақсаты экологиялық сипаттағы ластануға әкеліп соғатын теңізде және Қазақстан Республикасының сақтық аймағында мұнайдың төгілуіне (бұдан әрі – мұнайдың төгілуі) жедел, тиімді және білікті ден қоюды және олардың зардаптарын жою жөніндегі тиісті операцияларды орындауды қамтамасыз ету болып табылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

7. Ұлттық жоспардың негізгі міндеттері:

1) тәуекелдерді бағалау және экологиялық жиынтық пайданы талдау негізінде қоршаған ортаға және әлеуметтік-экономикалық объектілерге зиянын тигізуге әкеп соқтыратын немесе әкеп соқтырған мұнайдың төгілуіне ден қою және даярлықтың уақытылы, кешенді және тиімді алдын алу шараларын қамтамасыз ету;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдар, өзге де мүдделі ұйымдар мен мекемелер, сондай-ақ мұнайдың төгілу қаупіне әкелетін объектілердің меншік иелері, авариялық-құтқару қызметтері, теңізде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдардың арасындағы өзара іс-қимыл тәртібін және өкілеттігін айқындау болып табылады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

8. Мұнайдың төгілуі салдарын жоюға арналған дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз ету:

1) тұрғындардың, сондай-ақ мұнайдың төгілуі салдарын жоюға арналған дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз етуге тартылған адамдардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғау;

2) тәуекелдерді бағалау және экологиялық жиынтық пайданы талдау (бұдан әрі – ЭЖПТ);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына және мұнайдың төгілуі салдарын жоюға арналған дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз ету жөніндегі ең үздік тәжірибеге сәйкестік қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

9. Теңізде, және сақтық аймағында мұнайдың төгілуі салдарын жоюға арналған дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз етудің осы Ұлттық жоспарға 1-қосымшаға сәйкес бекітілетін жоспарлар бойынша ұлттық, аумақтық, объектілік деңгейде жүзеге асырылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

10. Ұлттық, аумақтық және объектілік жоспарларға мынадай тиісті өзгерістер мен толықтырулар:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда;
- 2) оқу-жаттығуларды және жаттығуларды жүргізу нәтижесі бойынша;
- 3) мұнайдың төгілуін жою кезінде іс-қимылдарды бағалау мен іс-шараларды жүргізу нәтижесі бойынша енгізіледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

11. Ұлттық жоспар мынадай жағдайларда:

- 1) мұнайдың төгілуі үшінші деңгейге жеткенде және мұнайдың төгілуі салдарын жою үшін халықаралық ресурстардың келуін ұйымдастыруға жәрдемдесу қажет болғанда;
- 2) мұнайдың төгілуі үшінші деңгейге жетпегенде, бірақ Каспий теңізінің қорық аймағының ластануына қатер төндіргенде;
- 3) мұнайдың төгілуі шектес мемлекеттің аумағына тарала бастаған жағдайда қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1-параграф. Аумақтық жоспар

12. Аумақтық жоспарлар жергілікті атқарушы органның, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің, авариялық-құтқару қызметтерінің, мұнайдың төгілу қаупіне әкелетін объектілердің меншік иелерінің, сондай-ақ мұнайдың төгілуін

жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдардың, 1973 жылғы Кемелерден ластанудың алдын алу жөніндегі 1978 жылғы хаттамамен өзгертілген түзетулері бар халықаралық конвенцияның күші қолданылатын объектілері бар тұлғаларды қоспағанда, теңізде мұнайдың төгілу қаупімен байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың тиісті облыс аумағында авария нәтижесінде туындаған мұнайдың төгілуіне уақытылы ден қою және оның зардаптарын жою саласында басқа да ұйымдардың өзара іс-қимылы мен ресурстары интеграциясының тәртібін айқындайды.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

13. Аумақтық жоспарларды осы Ұлттық жоспарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Алматы, Жамбыл және Қарағанды облыстарының азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органының аумақтық бөлімшелері әзірлейді және жергілікті атқарушы органдары бекітеді.

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-бабы 1-тармағының 16-4) тармақшасына сәйкес жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын Аумақтық сулар алып жатқан жер учаскелерін жасанды ғимараттар салу үшін беру қағидаларына сәйкес Каспий теңізіндегі Қазақстан Республикасының аумақтық және ішкі сулар шегіндегі облыстардың шекаралары Атырау және Маңғыстау облыстарының Каспий теңізі жағалауы құрлығындағы әкімшілік шекараларының түйіскен нүктесін ескере отырып, солтүстік ендіктің 46 градус сызығына параллель сызық ретінде анықталады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

14. Аумақтық жоспар бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдары аумақтық бөлімшелерінің, сондай-ақ авариялық-құтқару қызметтерінің, мұнай төгілу қаупі бар объектілері меншік иелерінің, мұнайдың төгілуі салдарын жою бойынша мамандандырылған ұйымдардың және өзге де мүдделі тараптардың өкілдері тартылады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

15. Аумақтық жоспарды әзірлеу кезінде жергілікті атқарушы органдардан, уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшелерінен тиісті облыс аумағында орналасқан

мұнайдың төгілу қаупі бар объектілер, теңізде және сақтық аймағында өздігінен ағып жататын иесіз ұңғымалар туралы ақпарат сұратылады.

16. Аумақтық жоспарға өзгерістер мен толықтырулар осы Ұлттық жоспардың 10-тармағына сәйкес енгізіледі және жергілікті атқарушы органмен бекітіледі.

17. Аумақтық жоспар мына жағдайларда:

1) мұнайдың төгілуі екінші деңгейге жеткенде және оны жою үшін жер қойнауын пайдаланушының, теңіз объектінің, теңіз портының және (немесе) ол тартып отырған теңізде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйымның ресурстары жеткіліксіз болса;

2) мұнай кемеден төгілген немесе кемедегі мұнайдың төгілу қатері болса;

3) шығарылған жері белгісіз мұнайдың төгілуі анықталса;

4) мұнайдың төгілуі Каспий теңізінің қорық аймағының ластануына қатер төндіргенде;

5) мұнайдың төгілуі шектес облыстың аумағына тарала бастаған жағдайда қолданысқа енгізіледі.

2-параграф. Объектілік жоспар

18. Объектілік жоспарларды азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесімен келісілгеннен кейін теңіз объектілері мен теңіз порттарының меншік иелері бекітеді және бекітілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде хабарлама тәртібімен көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға жібереді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 20.05.2021 № 174 , ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.05.2021 № 225 және ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 25.05.2021 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

19. Объектілік жоспарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелерімен келісу мерзімі жүгінген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайды.

20. Егер меншік иесінде бірнеше теңіз объектілері мен теңіз порттары бар болса, онда объектілік жоспарлар біріктіріледі.

21. Объектілік жоспарды Ұлттық және тиісті облыстық аумақтық жоспарлар, сондай-ақ мұнай төгілуі тәуекелдерін бағалау негізінде осы Ұлттық жоспардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша әзірлейді.

22. Объектілік жоспар, оған түзету енгізілген жағдайда, көмірсутектер, қоршаған ортаны қорғау және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдарға хабарландыру тәртібімен жіберіледі.

23. Теңіз объектілері мен теңіз порттарының меншік иелері объектілік жоспарларды әзірлеу мақсатында мұнай төгілу тәуекелдерін бағалау мен экологиялық жиынтық пайданы талдау өткізеді.

Мұнайдың төгілуі тәуекелдерін бағалау өткізу кезінде Халықаралық теңіз ұйымы (ИМО), Мұнай-газ өнеркәсібі өкілдерінің экология және әлеуметтік мәселелер жөніндегі халықаралық қауымдастығы (IPIECA), Теңізде мұнайдың, химиялық өнімдердің және өзге де зиян заттардың төгілуін жою жөніндегі танкерлік флот иелерінің федерациясы (ITOPF), Материалдар және оларды сынау бойынша америкалық қоғамдастық (ASTM), Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (ISO) әзірлеген халықаралық тәжірибелер мен стандарттарды пайдаланылады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

24. Теңіз объектілері мен теңіз порттарының меншік иелері:

Кодекстің 156-бабының 2-тармағына сәйкес көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган айқындайтын теңізде және сақтық аймағында мұнайдың төгілуі салдарын жою үшін қажетті ресурстарға қойылатын ең төменгі нормативтер мен талаптарда белгіленгеннен кем болмайтын бірінші және екінші деңгейдегі мұнайдың төгілуі салдарын жоюға арналған ресурстардың болуын (бұдан әрі – ең төменгі нормативтер мен талаптар);

теңіздегі бірінші деңгейдегі мұнайдың төгілуі салдарын жою үшін – теңіз объектісінде және теңіз портында не отыз минуттық қол жеткізу шегінде мұнайдың мұндай төгілу салдарын толық жою үшін қажетті ресурстардың болуын;

теңізге екінші деңгейдегі мұнайдың төгілуі салдарын жою үшін – теңіз объектісінде не осы тармақтың үшінші абзацында көрсетілген отыз минуттық қол жеткізу шегінде жергілікті жағалау қызметтерінің ресурстары келгенге дейінгі кезеңге жеткілікті көлемде ресурстардың болуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

25. Кемелерді қоспағанда, мұнайдың төгілу қаупі бар объектілердің меншік иелері мұнайдың бірінші және екінші деңгейдегі төгілуі салдарын жою үшін өздерінің жеке ресурстары болмаған кезде теңізде мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдармен шарт жасайды.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және

құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

26. Кемелерді қоспағанда, мұнайдың төгілу қаупі бар объектілердің меншік иелері мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілуі салдарын жою үшін ресурстармен қамтамасыз ету мақсатында халықаралық деңгейде танылған, білікті персоналы және тиісті жабдығы бар, теңізде мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі мамандандырылған ұйыммен шарт жасайды.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

27. Қажет болған жағдайда, мұнайдың төгілу қаупі бар объектілердің меншік иелері мұнайдың төгілуі салдарын жою кезінде ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісімдер шеңберінде ресурстарды тартады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

3-параграф. Кеме жоспарлары

28. 1978 жылғы хаттамамен өзгертілген түзетулері бар 1973 жылғы Кемелерден ластанудың алдын алу жөніндегі халықаралық конвенцияның 1-қосымшасының 5-тарауы 37-ережесінің 1-тармағына сәйкес кемелерге қатысты кеме иесі жалпы сыйымдылығы 150 регистрлік тонна және одан да көп әр мұнай танкерінің бортында және жалпы сыйымдылығы 400 регистрлік тонна және одан да көп мұнай танкері болып табылмайтын әр кеменің мұнаймен ластануға қарсы күрес бойынша төтенше шаралардың кеме жоспарының болуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

29. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы астында жүзетін кемелерге қатысты кеме иесі теңіздегі мұнайдың екінші деңгейдегі төгілуі салдарын жою үшін қажет болған жағдайда жағадан келетін ресурстарды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

30. Жүккөтерімділігі 2000 тоннадан жоғары өздігінен жүретін мұнай құюға арналған кемелерде мұнайдың төгілуіне қарсы күрес бойынша кеме жиынтығы – мұнай төгілуін окшаулауға арналған құрал көзделеді. Мұнайдың төгілуіне қарсы күрес бойынша кеме жиынтығына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 216 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6991 болып тіркелген) Пайдаланылатын кемелерді куәландыру қағидаларының 556-577 тармақтарында белгіленеді.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 20.05.2021 № 174 , ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.05.2021 № 225 және ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 25.05.2021 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

3-тарау. Мұнайдың төгілуі салдарын жою кезіндегі ұлттық басқару құрылымы

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

31. Мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілуі салдарын жою кезіндегі басқару құрылымы осы Ұлттық жоспарға 4-қосымшада көрсетілген.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

32. Консультациялық-кеңесші органның функциялары мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілуі салдарын жою кезінде ұлттық жоспар шеңберінде төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияға жүктеледі.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

33. Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия өкілеттігін "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабына сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

34. Мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі іс-қимылдың басшысы:

1) мұнайдың бірінші деңгейдегі төгілуі кезінде - мұнайдың төгілу қаупі бар объектінің меншік иесі немесе теңізде мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі ол тартқан мамандандырылған ұйымдар;

2) мұнайдың екінші деңгейдегі төгілуі кезінде:

тиісті облыстың аумақтық жоспары қолданысқа енгізілгенге дейін - мұнайдың төгілу қаупі бар объектінің меншік иесі немесе теңізде мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі ол тартқан мамандандырылған ұйымдар;

тиісті облыстың аумақтық жоспары қолданысқа енгізілгеннен кейін - облыс әкімі тағайындайтын лауазымды тұлға;

3) мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілуі кезінде - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі тағайындайтын азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органның лауазымды тұлғасы болып табылады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

35. Мұнай өнімдерінің төгілуі салдарын жою жөніндегі іс-қимылдардың басшысы мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) авариялық-құтқару және жедел жұмыстарын ұйымдастыру және басшылық ету, мұнайдың төгілуі салдарын жоюға тартылған күштер мен құралдарды басқарады, олардың өзара іс-қимылын ұйымдастырады;

2) мүдделі мемлекеттік органдарды және ұйымдарды олар қабылданған шешімдер туралы дереу ақпараттандыру бойынша шаралар қабылдайды;

3) авариялық-құтқару және жедел жұмыстарын жүргізу мүмкіндігі болмаған жағдайда, бірінші кезекте төтенше жағдай аймағында қалған адамдарды құтқару бойынша барлық мүмкіндіктерді қолдана отырып, жұмыстың толық немесе бөлігінің тоқтатылуы туралы шешім қабылдайды;

4) мұнай төгілуін жою жөніндегі жедел штабты (бұдан әрі – Жедел штаб) құру туралы шешім қабылдайды және жедел топтарының қажетті санын құруды келіседі және олардың төтенше жағдай аймағындағы жұмысын үлестіреді;

5) Заңның 50-бабының 9 және 10-тармақтарында көзделген тәртіппен өкілеттікті жүзеге асырады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және

құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

36. Жедел штаб:

1) мұнайдың төгілу сипатын бағалауды, мұнайдың төгілуін жою жөніндегі іс-қимылдардың басшысына мұнайды оқшаулау және жою бойынша ұсыныстарды әзірлеуді жүзеге асырады;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдардың және басқа да мүдделі ұйымдар мен мекемелердің, сондай-ақ мұнайдың төгілу қаупі бар объектінің меншік иелерінің, теңізде мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдардың іс-әрекеттерін үйлестіреді.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 20.05.2021 № 174 , ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.05.2021 № 225 және ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 25.05.2021 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

37. Жедел штабтың бастығы мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі іс-қимылдар басшысының орынбасары болып табылады.

Жедел штабтың бастығы мынадай функциялар және міндеттерді жүзеге асырады:

1) Жедел штаб мүшелерінің жұмысын ұйымдастырады және үйлестіреді;

2) топтарды ұйымдастырады;

3) жедел топтардың қажетті санын құрайды және олардың мұнай төгілуінің төтенше жағдай аймағындағы жұмысын бөледі;

4) мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі іс-қимылдар басшысына жедел жағдай және мұнай төгілуі салдарын жою бойынша атқарылып жатқан авариялық-құтқару жұмыстарының барысы туралы баяндайды;

5) орталық және жергілікті атқарушы органдарының және басқа да мүдделі ұйымдар мен мекемелердің, сондай-ақ мұнайдың төгілу қаупі бар объектілердің меншік иелерінің, теңізде мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдарының өзара іс-қимылын ұйымдастырады және қызметін үйлестіреді.

Жедел штаб мынадай топтардан тұрады:

- 1) ақпаратты өңдеу;
- 2) шешімдерді дайындау және күштер мен құралдарды есептеу;
- 3) өзара іс-қимыл;
- 4) ақпараттандыру және байланыс;
- 5) мониторинг және болжау;
- 6) баспасөз қызметі.

Жедел штабтың құрамы осы Ұлттық жоспарға 5-қосымшада берілген.

Мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілуі кезіндегі Жедел штабтың бастығы болып азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамы тағайындалады.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

38. Ақпарат өңдеу тобы төтенше жағдай және қабылданып жатқан шаралар туралы ақпаратты жинауды және дайындауды, кен орнынан толық және уақытылы хабар жеткізілуін бақылауды жүзеге асырады. Жоғары тұрған органдарға хабарламалар мен жиынтық мәліметтерді дайындайды.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

39. Шешімдерді дайындау және күштер мен құралдарды есептеу тобы келіп түскен ақпаратты жинақтайды және жағдайды талдайды, қажетті есептерді дайындайды, қалыптасқан жағдайды ескере отырып төтенше жағдайларды жою жөнінде ұсыныстар әзірлейді.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

40. Өзара іс-қимыл тобы орталық және жергілікті атқарушы органдармен, өзге де мүдделі ұйымдар және мекемелермен, сондай-ақ мұнай төгілуінің қаупі бар объектілері меншік иелерімен, сондай-ақ авариялық-құтқару қызметтерімен, мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдармен және өзге де мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

41. Ақпараттандыру және байланыс тобы Жедел штабтың байланысын, ақпараттық-техникалық қолдауын қамтамасыз етеді, байланыс ұйымдастыру туралы өкімдер мен хабарламалар әзірлейді.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 20.05.2021 № 174 , ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.05.2021 № 225 және ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 25.05.2021 № 260 (алғашқы ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

42. Мониторинг және болжау тобы жағдайдың даму болжамын жүзеге асырады, шешімдер қабылдау үшін бастапқы деректерді дайындайды.

43. Баспасөз қызметі бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасайды, баспасөз хабарламаларын, мақалалар мен басқа материалдарды дайындайды, веб-сайттарда және бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат орналастырады, Жедел штабқа ақпараттық қолдауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 20.05.2021 № 174 , ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.05.2021 № 225 және ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 25.05.2021 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

44. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1) мұнайдың төгілуі туралы ақпарат алуды және жіберуді жүзеге асырады;

2) оқулар мен жаттығулар өткізеді;

3) мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілуін жою жөніндегі жедел іс-қимылдарды ұйымдастырады;

4) халықаралық көмек алуға бағытталған және тиісті сұраныс болған жағдайда басқа елдерге көмек көрсету бойынша іс-қимылдарды ұйымдастырады;

5) іргелес мемлекеттерді хабарландыру бойынша іс-шараларды ұйымдастырады.

45. Қазақстан Республикасының көлік, көлік кешенінің қызметін үйлестіру және реттеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын уәкілетті орган:

1) мұнайдың төгілуі салдарын және оның зардаптарын жою үшін қажетті көлікті қамтамасыз етуге байланысты барлық іс-қимылдарды үйлестіреді;

2) мұнайдың төгілуі салдарын және оның зардаптарын жою, эвакуациялық іс-шараларды өткізу үшін қажетті персонал және жабдықтардың, материалдар мен техникалық ресурстардың тасымалдауын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 45-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

46. Порттың теңіз әкімшілігі кеме жоспарларының болуын тексереді.

47. Кедендік іс саласындағы уәкілетті орган Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кедендік баждарды, салықты төлемей, сондай-ақ тарифтік реттеу шараларын қолданбай, бірінші кезектегі тәртіппен мұнайдың төгілуі салдарын жою үшін қажетті тауарларға қатысты кедендік операцияларды жүргізеді.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

48. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1) мұнай төгілген жерде гидрометеорологиялық жағдайларға жедел болжамды жүзеге асырады;

2) қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізуді ұйымдастырады;

3) қазіргі заманғы ғарыштық түсірудің жедел деректерін пайдалана отырып, мұнай мен газды өндіру, қайта өңдеу, тасымалдау ауданындағы, мұнаймен ластанған ауданды анықтау, мұнайдың төгілуіне мониторинг жүргізу аумағының экологиялық ахуалына мониторинг жүргізеді;

4) жағалау аймағында ластану және (немесе) мұнай төгілуінің таралу сипатын, көзін және ареалын анықтау мақсатында талдау жүргізу үшін қоршаған орта объектілеріне іріктеу сынағын жүргізеді;

5) экологиялық жиынтық пайданы талдау өткізілуін және оның негізінде мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілуі салдарын жою кезеңінде авариялық мұнай төгілуі салдарын жоюдың оңтайлы әдістерін айқындауды ұйымдастыруды үйлестіреді;

6) мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілуі салдарын жою кезеңінде экологиялық жиынтық пайданы талдау негізінде мұнайдың төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін келіседі.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

49. Сыртқы саясат қызметі саласындағы уәкілетті орган бірінші кезекте заңнамада белгіленген тәртіппен мұнайдың төгілуі салдарын жоюға көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының аумағына келетін шетел қызметкерлеріне тиісті визалар ресімдейді.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

50. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі төтенше жағдайлар туындаған кезде Қазақстан Республикасының ратификациялаған халықаралық шарттарында айқындалатын тәртіппен төтенше жағдайларды оқшаулау және жою үшін авариялық-құтқару құралымдарының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізуді жүргізеді.

51. Қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын уәкілетті орган, Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің әскери-саяси және әскери экономикалық басқармасы:

1) көлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, Қазақстан Республикасының көлік кешеніндегі қызметті үйлестіруді және реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның келісімімен ден қою персоналы және жабдығы бар әуе кемелеріне қауіпсіз дәлізді қамтамасыз етеді;

2) авариялық-құтқару құралымдарының әуе кеңістігіндегі Мемлекеттік шекарасы арқылы төтенше жағдайларды оқшаулау және жою үшін жедел өткізуді жүргізеді;

3) төтенше жағдайларды жою үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төтенше жағдайды жою басшысының қарамағына Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің күштері мен құралдарын береді.

Ескерту. 51-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

52. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен бірлесіп, мұнайдың төгілуі салдарын жою кезінде экологиялық жиынтық пайданы талдау негізінде мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін келіседі;

2) жануарлар мен құстарды тазалауға арналған орындарды ұйымдастырады;

3) жануарлар мен құстарды тазалағаннан кейін оларды қалпына келтіруге бақылау жүргізуді ұйымдастырады;

4) қажет болған жағдайда зоология, ихтиология, жануарлар дүниесін қорғау және құтқару жөніндегі ұйымдар саласындағы сарапшылар туралы ақпарат ұсынады.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

53. Көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган:

1) мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілуі салдарын жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдарды тарту бойынша өзара іс-қимылды үйлестіреді;

2) мұнай төгілуі салдарын жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдардың жабдықтарын есепке алуды жүргізеді;

3) Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға Мұнаймен ластануға әкелетін тосын оқиғалар жағдайындағы өңірлік әзірлік, ден қою

және ынтымақтастық туралы хаттамасының шеңберінде күнделікті қызмет түрінде ақпаратты табыстау және алмасу бойынша жұмыстарды жүзеге асырады;

4) теңізде және сақтық аймағында мұнайдың төгілуі салдарын жою үшін қажетті ресурстарға қойылатын ең төменгі нормативтер мен талаптарды анықтайды.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

54. Ғарыш қызметі саласындағы уәкілетті орган ғарыштық мониторинг – ғарыштан жерді қашықтықтан зондтау арқылы қоршаған ортаның жағдайын бақылау жүйелерінің жұмысын ұйымдастырады.

55. Жергілікті атқарушы орган:

1) оқулар мен жаттығулардың өткізілуіне қатысады;

2) ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыруға, сондай-ақ мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі жедел іс-қимылдарды ұйымдастыруға және үйлестіруге қатысады;

3) халықаралық көмек алуға бағытталған іс-қимылдарды ұйымдастыру мен үйлестіруге қатысады;

4) сақтық аймағындағы ластану зардаптарын жою, сондай-ақ облыс аумағындағы қоршаған ортаны қалпына келтіру бойынша қызметті үйлестіруді жүзеге асырады;

5) мұнайдың төгілуі нәтижесінде және зардаптарды жою барысында зиян шеккен персоналға көмек көрсету үшін ден қоюдың барлық уақытында жедел медициналық жәрдем көмегінің болуын қамтамасыз етеді;

6) зардап шеккендерді медициналық ұйымдарға эвакуациялауды ұйымдастырады;

7) қалдықтарды, жиналған мұнайды уақытша сақтау және жинау орындарын анықтайды;

8) аумақтық жоспарды бекітеді;

9) мұнайдың төгілуі салдарын жоюға дайындықты қамтамасыз ету үшін мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдарымен шарт жасасады;

10) жұртшылық өкілдерімен өзара іс-қимылды және қажет болған жағдайда ерікті волонтерлердің жұмысын ұйымдастырады.

Ескерту. 55-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

56. Кемелерді қоспағанда, мұнайдың төгілуі қаупіне әкелетін объектілердің меншік иелері:

1) мұнай төгілуін жою кезінде басқа объектілерге көмек көрсетеді;

2) өз объектілерінде мұнай төгілуі салдарын жоюды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану, азаматтық қорғаныс, сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы заңнамасының және Ұлттық жоспар талаптарына сәйкес мұнайдың бірінші, екінші, үшінші деңгейдегі төгілуі салдарын жоюға дайындықты және ескертуді қамтамасыз етеді;

4) өз объектілеріндегі барлық қолжетімді тәсілдермен теңіз ластануын жою немесе деңгейін азайту үшін барлық мүмкін шараларды қабылдайды;

5) облыстың төтенше жағдайлар жөніндегі комиссияның, Жедел штабтың жұмысына қатысады, сондай-ақ сараптамалық қолдау көрсетеді;

б) экологиялық жиынтық пайданың талдауын жасайды.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

57. Мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдар:

1) мұнай төгілуін жою жөніндегі қызметтердің уақытылы көрсетілуін қамтамасыз етеді;

2) төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссияның, Жедел штабтың жұмысына қатысады, сондай-ақ сараптамалық қолдау көрсетеді;

3) кемелерден және шығарылған жері белгісіз мұнай төгілуі салдарын жою кезінде экологиялық жиынтық пайданы талдау жасайды.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

4-тарау. Теңізде және сақтық аймағында мұнайдың төгілуі салдарын жоюға арналған қамтамасыз ету

Ескерту. 4-тарау жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1-параграф. Бірлескен оқулар мен жаттығулар

58. Оқу мен жаттығулар мынадай мәселелер бойынша жүргізіледі:

1) объектілеріне 1973 жылғы Кемелерден ластанудың алдын алу жөніндегі 1978 жылғы хаттамамен өзгертілген түзетулері бар халықаралық конвенцияның күші қолданылатын объектілері бар тұлғаларды қоспағанда, мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдар мен мұнайдың төгілу қаупіне әкелетін объектілердің

меншік иелерінің, сондай-ақ мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдардың, теңіздегі мұнайдың төгілу қаупіне байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың өзара іс-қимылы;

2) мұнайдың төгілуіне ден қою және жою;

3) хабарлау мен коммуникация, ақпарат алмасу;

4) мұнайдың төгілуі салдарын жою кезінде көмек көрсету үшін халықаралық жабдық пен персоналды әкелу және әкету;

5) жабдықты жұмылдыру және орналастыру тәртібі;

6) экологиялық жиынтық пайдаға талдау жасау.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

59. Шет мемлекеттердің жалауы астында жүзетін кемелерді қоспағанда, мұнайдың төгілу қаупіне әкелетін объектілердің меншік иелері, 1973 жылғы Кемелерден ластанудың алдын алу жөніндегі 1978 жылғы хаттамамен өзгертілген түзетулері бар халықаралық конвенцияның күші қолданылатын объектілері бар тұлғаларды қоспағанда, мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдар уәкілетті органдармен, жергілікті атқарушы органдар мен басқа мұнайдың төгілу қаупіне әкелетін объектілердің меншік иелерімен, сондай-ақ мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдармен, теңіздегі мұнайдың төгілу қаупіне байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалармен бірлескен оқу мен жаттығуларды қоса алғанда, жыл сайынғы оқу мен жаттығулар графигін әзірлейді.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2-параграф. Мұнайдың төгілуі салдарын жою әдістері

Ескерту. 2-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

60. Теңізде және Қазақстан Республикасының сақтық аймағында жиынтық экологиялық пайданы талдау негізінде мұнайдың төгілуі салдарын жоюдың оңтайлы әдістерін айқындау, келісу және оларды таңдау туралы шешім қабылдау 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі 398-бабының 7-

тармағына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

61. Алып тасталды - ҚР Энергетика министрінің 20.05.2021 № 174, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.05.2021 № 225 және ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 25.05.2021 № 260 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

62. Алып тасталды - ҚР Энергетика министрінің 20.05.2021 № 174, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.05.2021 № 225 және ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 25.05.2021 № 260 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

63. Мұнайдың төгілуі салдарын жою стратегиясының негізгі қағидаттары:

1) мұнайды жинау және тазарту мұнайдың төгілуі салдарын жоюдың механикалық әдістерімен жүзеге асырылады, егер бұл әдіс іс жүзінде қолданылса;

2) мұнайды жинау төгілу көзіне мүмкіндігінше жақын жасалады;

3) мұнайдың жағаға жақын жерге және қауіпсіздік аймағына таратылуына жол бермеу;

4) егер механикалық жинау және тазалау тиімсіз болса немесе оларды қолдану мүмкін болмаса, химиялық заттардың пайдаланылуы және мұнай дағының жағылуы қарастырылады;

5) жағалау ресурстарын және сақтық аймағын қорғау кезінде мұнайдың төгілуіне экологиялық тұрғыдан аса сезімтал аймақтар басым болып табылады;

6) қоршаған ортаға зиян келтірудің әсерін азайту және әлеуметтік-экономикалық зардаптарын кеміту;

7) мұнайдың төгілуі және оның зардаптарын жою бойынша барлық шаралар жиынтық экологиялық пайданы талдау негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

64. Теңізде және Қазақстан Республикасының сақтық аймағында мұнайдың төгілуі салдарын жою үшін мынадай әдістер қолданылады:

1) қадағалау және бағалау;

2) су бетінен мұнайды механикалық тежеу және жинау (сезімтал ресурстардан мұнай дағының ауытқуын қоса алғанда);

3) мұнай дағын бақылап жағу;

- 4) химиялық құралдарды қолдану;
- 5) сақтық аймағын қорғау және тазарту.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

5-тарау. Теңізде және сақтық аймағында мұнайдың төгілуіне ден қою және оны жою

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

65. Теңізде, мұнай төгілу қаупі бар объектілерде мұнай төгілуі немесе кез келген байқалған мұнай дағы туралы ақпарат осы Ұлттық жоспарға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, 7-қосымшаға сәйкес бірізділікпен беріледі.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

66. Сақтық аймағында мұнай төгілген жағдайда ақпаратты жеткізу үшін жағалау аймағындағы басқару пункті ұйымдастырылады.

67. Мұнай төгілуі кезінде немесе төгілу қаупі болғанда өзара іс-қимыл және коммуникациялар үшін радиожиіліктердің мынадай номиналдары пайдаланылады:

Жиілік Мегагерц)	156.500	156.375	156.675	156.800	156.300	156.400
Қолдану	Мұнай төгілуін жою			Апат/ Қауіпсіздік	Іздеу және құтқару	Кемелер арасында

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 20.05.2021 № 174 , ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.05.2021 № 225 және ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 25.05.2021 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

68. Халықты қауіп дәрежесі, қажетті қауіпсіздік, салдарлар, мұнайдың төгілуінің алдын алу және оларды жою жөніндегі шаралар туралы хабардар ету бұқаралық ақпарат құралдары, атап айтқанда:

1) "Масс-медиа туралы" 2024 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабы 5) тармақшасына сәйкес телерадио хабарларын тарату желілері;

2) сауда мақсатында теңізде жүзу, көмірсутектер, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдардың, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің интернет-ресурстары;

3) "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 3-тармағына сәйкес ұялы байланыс;

4) мерзімді баспасөз басылымдары арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 68-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 20.05.2021 № 174, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.05.2021 № 225 және ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 25.05.2021 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

69. Ұлттық жоспардың 11-тармағына сәйкес мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілуі жағдайында теңіз объектісінің және теңіз портының меншік иелері мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:

объектілік жоспарға сәйкес мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі халықаралық ұйымнан үшінші деңгейдегі ден қою ресурстарын жұмылдыруды сұрайды ;

бұл туралы азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне хабарлайды.

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

6-тарау. Мұнайдың төгілуі салдарын жоюға тартылған персонал мен тұрғындардың денсаулығы мен еңбегін қорғау

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

70. Мұнайдың төгілуін жоюға тартылған персонал мен тұрғындардың денсаулығы мен еңбегін қорғау мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі іс-шараларды іске асыру кезіндегі бірінші кезектегі мәселе болып табылады.

Мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі іс-шараларды өткізу мұнайдың төгілуі салдарын жоюға тартылған персонал мен тұрғындардың денсаулығы мен еңбегіне

төнетін қауіпті тиісті бағалағаннан кейін және осындай қауіпті төмендету жөніндегі шараларды іске асырғаннан кейін жүзеге асырылады.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

71. Қауіпті төмендету жөніндегі шаралар көлеміне мыналар кіреді:

1) мұнаймен ластану немесе ілеспе газдың шығуы мұнай төгілуін жоюға тартылған персонал мен тұрғындардың денсаулығы үшін қатер туғызатын аумақтарды оқшаулау;

2) мұнайдың төгілуі салдарын жоюға тартылған бүкіл персонал үшін нұсқамалар өткізу;

3) арнайы жабдықтарды немесе химиялық заттарды қолданған кездегі техника қауіпсіздігіне оқыту;

4) ластанған заттардан тікелей байланыстан аулақ болу және қоршаған ортаның қауіпті факторларының әсерін бақылау үшін мұнайдың төгілуін жоюға тартылған персоналдың жеке қорғау құралдарын пайдалануы;

5) тиісінше демалыспен қамтамасыз ету үшін персоналдың ауысымды жұмысы;

6) персоналдың денсаулық пен еңбекті қорғауға қолданылатын заңнама талаптарын сақтауы.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

7-тарау. Жиналған мұнай қалдықтары және оны кәдеге жарату

72. Мұнайдың төгілуі салдарын жою кезінде көп мөлшерде қоқыс және су мен жиналған мұнай қалыптасады.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

73. Жиналған мұнайды жинау және орналастыру үшін арнайы тұрақты сақтау резервуарларына одан әрі қотару үшін пластикалық қапшықтарды, бактар мен бөшкелерді қоса алғанда, ауыспалы және жылжымалы сыйымдылықтар пайдаланылады. Жиналған мұнайды көп мөлшерде жинау үшін неғұрлым ірі кемеге одан әрі тиеу және арнайы жағалау объекттеріне тасымалдауға арналған баржалар мен ірі қалқымалы резервуарларға жиналатын мұнайды қотару жүзеге асырылады.

74. Жағалауда қоқыс және су мен мұнайдың қоспасын уақытша сақтау орындары жасалады. Қалдықтарды уақытша сақтау орындарын жергілікті атқарушы органдар айқындайды.

75. Уақытша сақтауды ұйымдастыру кезінде қайталама ластануға жол бермеу қажет

76. Жиналған мұнайды және басқа да улы заттарды, сондай-ақ ластанған материалдарды түпкілікті орналастыру Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес орындалады.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 20.05.2021 № 174 , ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.05.2021 № 225 және ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 25.05.2021 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

77. Мұнаймен қаныққан құмды және басқа да қалдықтарды, сондай-ақ жиналған мұнайды кәдеге жарату қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерін хабардар ете отырып құрлықта жүзеге асырылады.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 20.05.2021 № 174 , ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.05.2021 № 225 және ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 25.05.2021 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

8-тарау. Мұнайдың төгілуі салдарын жоюды аяқтау және есептілік

Ескерту. 8-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

78. Мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі операция басталған сәттен бастап ол аяқталғанға дейін Жедел штаб барлық жедел іс-қимылдарға және қадағалауларға құжаттама жүргізеді.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

79. Жедел іс-қимылдар мен қадағалау жазбасына, сондай-ақ қаржылық есепке алуға мыналар кіреді:

1) мұнайдың төгілуін сипаттау (фотолар мен мүмкіндігінше бейнематериалдарды қоса алғанда);

2) қабылданған шешімдер мен жүзеге асырылған ден қою шаралары;

3) ден қою операциялары кезінде жұмсалған барлық шығыстар туралы есептер;

4) ден қою операциясының барысы туралы (орны, уақыты, мақсаты);

5) жабдықтар және басқа да пайдаланылған құралдар туралы (орны, уақыты, мақсаты);

6) жалданған персонал туралы (орны, саны, уақыты);

7) пайдаланылған ден қою материалдары мен басқа да пайдаланылған материалдар туралы (мысалы, отынның түрі, оның мөлшері, пайдалану мақсаты).

80. Аталған құжаттама кейіннен оларды құжаттамалық растау, сондай-ақ мұнайдың төгілуіне ден қою шараларын кейін бағалау мақсатында шығындарды өтеуді есептеу үшін пайдаланылады.

81. Жергілікті атқарушы органның Жедел штабы мұнайдың төгілуі салдарын жою бойынша операция аяқталғаннан кейін мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі іс-қимыл басшысының келісімі бойынша есеп дайындайды.

Жергілікті атқарушы органның жедел штабы есепте:

1) мұнайдың төгілуіне әкеп соққан аварияның сипаттамасы және оның дамуын;

2) қабылданған ден қою шараларының сипаттамасын;

3) шетел мемлекеттері ұсынған көмекті сипаттау мен бағалауды;

4) ден қоюдың барлық операциясын бағалауды;

5) ден қою кезінде туындаған проблеманы сипаттау мен талдауды;

6) қазіргі шараларды, атап айтқанда Ұлттық жоспардың ережелерін жақсарту мүмкіндігі туралы ұсынымдарды;

7) мұнайдың төгілуіне ден қою уақытында келтірілген шығындарды есептеуді;

8) мұнайдың төгілуінен болған экологиялық және экономикалық зиянды бағалауды көрсетеді.

Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

82. Жергілікті атқарушы органның Жедел штабының бастығы мұнайдың төгілуін жою жұмысы аяқталғаннан кейін барлық жедел іс-қимылдар мен қадағалау құжаттамасын қоршаған ортаны қорғау саласындағы, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдарға тапсырады.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 20.05.2021 № 174 , ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.05.2021 № 225 және ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 25.05.2021 № 260 (алғашқы ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

83. Мұнайдың төгілу көзін оқшаулау және мұнайдың төгілуін жою жөніндегі іс-шараларды, авариялар, тосын оқиғалар себептерін тергеп-тексеру жүргізілгеннен кейін мұнайдың төгілу тәуекелі бар объектілердің меншік иелері және (немесе) мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдар қоршаған ортаны қорғау саласындағы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдарға жүргізілген жұмыс туралы есепті ұсынады.

84. Теңіз объектілері мен теңіз порттарының меншік иелері экологиялық залалдың салдарын жояды және үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды, сондай-ақ мемлекеттің мұнайдың төгілуін жою жөніндегі шығыстарын өтейді.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 20.05.2021 № 174 , ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.05.2021 № 225 және ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 25.05.2021 № 260 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

85. "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 171-178-баптарына сәйкес қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде келтірілген зиян үшін және кемелерден аққан мұнаймен ластанғаны үшін кеме иесі жауапты болады.

Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

86. Мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілу себептерін тергеп-тексеру, мұнайдың төгілуінен қоршаған ортаға келтірілген ысыраптарды өтеу және қалпына келтіру тәртібі үшін: теңіз объектілерінде мұнай төгілген жағдайда – көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның, кемелер мен порттардан мұнай төгілген жағдайда – сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы уәкілетті органның, теңізде және сақтық аймағында өздігінен ағып жататын иесіз және апаттық ұңғымалар болған және шығарылған жері белгісіз мұнайдың төгілуі кезінде – жер қойнауын зерттеу саласындағы уәкілетті органның бастамасы бойынша ведомствоаралық комиссия құрылады.

87. Қоршаған ортаны қалпына келтіру шаралары мен тәртібі қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамаға сәйкес анықталады.

9-тарау. Мұнайдың төгілуіне ден қоюдың халықаралық аспектілері

88. Каспий теңізі мұнаймен ластанған жағдайда және Каспий теңізіне мұнайдың төгілуін жоюға дайындық пен іс-қимылды қамтамасыз етуде тараптар арасындағы ынтымақтастық пен өзара көмекті талап ететін табиғи және техногендік сипаттағы

төтенше жағдайлар туындаған кезде Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға Мұнаймен ластануға әкелетін тосын оқиғалар жағдайындағы өңірлік әзірлік, ден қою және ынтымақтастық туралы хаттамасын және Каспий теңізінде төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімін басшылыққа алу қажет.

Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 20.05.2021 № 174 , ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.05.2021 № 225 және ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 25.05.2021 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

89. Халықаралық келісімдер шеңберінде көмек көрсету және көмек алуға байланысты шығындарды өтеу осы халықаралық келісімдер талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

90. Сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы уәкілетті орган Мұнайдың төгілуі салдарын жою мәселелері жөніндегі халықаралық теңіз ұйымының қарарларын, шешімдері мен басшылық құжаттарын мүдделі мемлекеттік органдарды, жергілікті атқарушы органдарды, мұнай төгілу тәуекеліне қауіпіне әкелетін объектілердің меншік иелерін және мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдарды кейіннен хабардар ету үшін көмірсутектер саласындағы уәкілетті органға жібереді және қадағалайды.

Ескерту. 90-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439 -н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Теңізде және Қазақстан
Республикасының сақтық
аймағында мұнайдың төгілуі
салдарын жоюға арналған
дайындықты және іс-қимылдарды
қамтамасыз етудің ұлттық жоспарына 1
-қосымша
Нысан

Теңізде және Қазақстан Республикасының сақтық аймағында мұнайдың төгілуі салдарын жою бойынша дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз ету

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

--	--	--

Мұнай төгілуінің деңгейі	Жоспар		Мұнайдың төгілуі салдарын жою бойынша іс-қимылдар басшысы
1	2		3
1	Объектілік жоспарлар		Мұнай төгілу қаупі бар объектінің меншік иесі тағайындаған адам немесе ол тартып отырған мұнай төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйым
	Кеме жоспарлары		Кеме капитаны
2	Аумақтық жоспарлар	Аумақтық жоспар қолданысқа енгізілгенге дейін	Кемелерді қоспағанда, мұнай төгілу қаупі бар объектінің меншік иесі тағайындаған адам Кемеден шыққан және шығарылған жері белгісіз мұнай төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйымның басшысы тағайындаған адам
		Аумақтық жоспар қолданысқа енгізілгеннен кейін	Облыс әкімі тағайындаған лауазымды адам
3	Ұлттық жоспар		Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі тағайындаған азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамы

Теңізде және Қазақстан Республикасының сақтық аймағында мұнайдың төгілуі салдарын жоюға арналған дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз етудің ұлттық жоспарына 2-қосымша
Нысан

Теңізде және сақтық аймағында мұнайдың төгілуі салдарын жоюға арналған дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз етудің аумақтық жоспарлары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Кіріспе

1. Жалпы ережелер.
2. Географиялық қолдану шекаралары.
3. Авариялық мұнай төгілуі туындаған кезде ықтимал ортаны бағалау.

2. Мұнайдың төгілуі салдарын жою бойынша дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз ету бойынша аумақтық (облыстық) басқару деңгейі 4. Мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі іс-шараларға басшылық жасау.

5. Мұнайдың төгілуі салдарын жою бойынша дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз ету бойынша аумақтық (облыстық) басқару деңгейінде функциялар мен міндеттерді бөлу.

6. Мұнайдың төгілуі туралы ақпаратты беру тәртібі.

3. Жедел басқару 7. Мұнайдың төгілу жағдайы туындаған кезде жүргізілетін іс-шаралар.

8. Авариялық-құтқару және жедел жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру.

9. Жедел штаб жұмыстарын ұйымдастыру.

10. Мұнай төгілуі салдарын жою кезіндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары.

11. Мұнайдың төгілуі салдарын жою жөніндегі іс-шараларды тоқтату және есептілік

12. Мұнайдың төгілуін тергеп-тексеру.

4. Дайындықты қамтамасыз ету

13. Мұнай төгілуіне дайындықты, уақытылы ден қоюды және тиімді жоюды қамтамасыз ету үшін тартылатын ұйымдармен (меншік нысанына қарамастан) өзара іс-қимыл тәртібі.

14. Мұнайдың төгілуі салдарын жою үшін тартылатын күштер мен құралдардың есебі.

15. Жаттығулар мен оқулар.

16. Ақпараттық деректер.

Теңізде және Қазақстан
Республикасының сақтық
аймағында мұнайдың төгілуі
салдарын жоюға арналған
дайындықты және іс-қимылдарды
қамтамасыз етудің ұлттық жоспарына 3
-қосымша
Нысан

Теңізде және сақтық аймағында мұнайдың төгілуі салдарын жою бойынша дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз етудің объектілік жоспары

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және

құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Кіріспе

1. Жоюдың жалпы басымдықтары мен міндеттері.
2. Жоспардың қолданылу саласы (операциялар мен тәуекелдердің қысқаша сипаттамасын қоса алғанда).
3. Жоспардың географиялық қолдану шекаралары.
4. Басқа жоспарлармен өзара іс-қимыл.
5. Құжаттаманы басқару (жоспарды сақтауға жауапты адамды анықтау, таралуы, қаралуы және жаңартылуы туралы жазба жүргізу).

2. Алдын алу мен жоспарлаудың бастапқы шаралары

6. Бастапқы кезеңдегі стратегиялық шешімдерді қабылдау бойынша бастапқы іс-қимылдар және оған басшылық ету.
7. Объектідегі бастапқы қауіпсіздік талаптары және мұнайдың төгілу оқиғасы болған жерді бағалау.
8. Ден қоюдың бастапқы басымдықтары мен мақсаттары.
9. Негізгі қызметкерлерге арналған бастапқы кезеңдегі іс-қимылдар тізбесі.
10. Шұғыл хабарлау және есептілік.
11. Мұнайдың төгілуі салдарын жою бойынша басқару командасын іске қосу.
12. Мұнайдың төгілуіне сезімтал экологиялық аудандар мен әлеуметтік-экономикалық объектілерді анықтау.
13. Бірінші деңгейдегі ресурстар және байланыстар.
14. Бірінші деңгейдегі ресурстарды іске қосу және өрістету.
15. Мұнайдың төгілуі салдары бойынша, олардың таралуы жағдайындағы іс-қимыл тәртібі.
16. Объект туралы негізгі ақпарат.

3. Хабарлама және есептілік

17. Ішкі хабарлама бойынша талаптар мен тәртібі;
18. Сыртқы хабарлама бойынша талаптар мен тәртібі;
19. Егер талап етілсе, қосымша хабарлама;
20. Байланыс деректері және нысандары (жоспарда көрсетілуі немесе жиі жаңартуларды енгізуді жеңілдету үшін қосымшаға жеке құжатпен енгізілуі мүмкін).

4. Бағалау

21. Денсаулықты және объектідегі қауіпсіздікті бағалау;
22. Мұнайдың төгілуін қадағалау тәсілдері (әуеден қадағалау, қалқыма белгілері және тағы басқалары);
23. Мұнайдың төгілуін қадағалау және оны бағалау бойынша басшылық ету;
24. Метеорологиялық және гидродинамикалық болжамдар;
25. Төгілулердің траекториясы және оларды үлгілеу;

26. Төгілу деңгейін және төгілудің таралу қатерін бағалау.

5. Жою үшін ресурстар

27. Ресурстар тізбесі және көрсетілетін қызметтер тізімі, қажетті материалдық-техникалық қамтамасыз етуді, байланыс деректерін және өрістету уақытын қоса алғанда (жоспарда көрсетілуі немесе жиі жанартуларды енгізуді жеңілдету үшін қосымшаға жеке құжатпен енгізілуі мүмкін);

28. Ресурстарды бөлу тәртібі;

29. Тартылатын кемелер (кемелердің талап етілетін сипаттамасы, мұнай төгілген орындағы кемелер тізбесі және тағы басқалары);

30. Жергілікті еңбек ресурстары;

31. Арнайы бағытта мамандандырылған сарапшылар.

6. Мұнайдың төгілуін жою жөніндегі басқармасы

32. Басқарманың ұйымдық құрылымы;

33. Функциялары мен өкілеттіктері;

34. Басқару процестері мен рәсімдері;

35. Объектіде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі басқарманы іске қосу және оның орналасуы.

7. Сезімтал аумақтар

36. Жағалаудың, теңіз биоталары мен инфрақұрылым объектілерінің мұнаймен ластануына сезімтал аймақтарын анықтау және оларды картаға түсіру (қауіп картасы).

37. Қорғау басымдығы.

38. Жағалаудың, теңіз биоталары мен инфрақұрылым объектілерінің мұнаймен ластануына сезімталдық картасы (карталардың көлемдеріне, өлшемдеріне және түрлеріне қарай карталар жоспар мәтінінде немесе қосымшада орналастырылады);

39. Операциялық сезімталдық картасы және (немесе) оқиға болған жердегі іс-қимылдар жоспары және (немесе) географиялық жою картасы (карталар мен жоспарлардың көлемдеріне, өлшемдеріне және түрлеріне қарай карталар мен жоспарлар жоспардың мәтінінде немесе қосымшада орналастырылады).

8. Жою стратегиясы

40. Стратегиялық шешімдерді қабылдау бойынша басшылық ету (диаграммалар, ықтимал сценарийлердің матрицасы, экологиялық жиынтық пайданы талдау негізінде шешімдер қабылдау бойынша басшылық ету және тағы басқалары).

41. Нақты сценарийлерге қарай мұнайдың төгілуі салдарын жою стратегиялары туралы жиынтық ақпарат.

42. Қажетіне қарай теңізде, теңіздің жағалау аймағында, жаға бойында және ішкі су жолдарында мұнайдың төгілуінің зардаптарын жою үшін қажетті ресурстар.

43. Мұнайдың төгілуі салдарын жоюдың қолайлы әдістері.

44. Қажетіне қарай жалпы тактикалық жоспарлар (жоспар мәтінінде немесе қосымшада орналастырылады).

9. Қалдықтарды басқару

45. Заңнама талаптары.

46. Тәртібі (жеке сақтау, көлемін азайту, әкету және тағы басқаларды қосқанда).

47. Нақты төгілуге қалдықтарды басқару жоспарын әзірлеу бойынша басшылық ету.

48. Уақытша сақтауға алдын ала белгіленген орындар.

49. Қалдықтарды өңдеу және түпкілікті жою іс-шаралары немесе қалдықтармен жұмыс істеудің басқа да нұсқалары.

10. Тазарту

50. Денсаулық сақтау және қауіпсіздік талаптары.

51. Тәртібі және рұқсат етілген тазарту заттары.

52. Тазарту бойынша іс-шараларды жүргізу үшін алдын ала белгіленген орындар.

53. Нақты төгілуді тазарту жөніндегі жоспарды әзірлеу бойынша басшылық ету.

11. Жұмылдыру

54. Жабдықтар мен кемелерді қорытынды тексеру, персоналды әкету, шығыс материалдарды қайтару, жалға алынған мүлікті қайтару тәртібі және тағы басқалары;

55. Нақты төгілу кезінде объектіден техника мен қызметкерлерді әкету жоспарын әзірлеу бойынша басшылық ету.

12. Ден қою шараларын аяқтау

56. Төгілуді кәдеге жаратудың түпкілікті деңгейін анықтау бойынша басшылық ету және мұнайдың төгілуін жою жөніндегі операциялардың аяқталу өлшемшарттары.

57. Аймақты тазарту бойынша жұмыстарды қабылдайтын және мұнай төгілуі салдарын жою жөніндегі операциялардың аяқталуын растайтын жауаптыны анықтау.

13. Мұнайдың төгілуін жою жөнінде жүргізілген шаралар мен операциялар туралы есеп


58. Есеп әзірлеуге жауапты адамдар және мұнайдың төгілуі салдарын жою аяқталғаннан кейін талдау жүргізу жөніндегі басшылық ету.

Теңізде және Қазақстан
Республикасының сақтық
аймағында мұнайдың
төгілуі салдарын жоюға
арналған дайындықты және
іс-қимылдарды қамтамасыз
етудің ұлттық жоспарына
4-қосымша
Нысан

Теңізде және сақтық аймағында мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілуі салдарын жою кезіндегі басқарманың құрылымы

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және

құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.



Теңізде және Қазақстан Республикасының сақтық аймағында мұнайдың төгілуі салдарын жоюға арналған дайындықты және іс-қимылдарды қамтамасыз етудің ұлттық жоспарына 5 -қосымша Нысан

Мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілуі кезіндегі Жедел штабының құрамы

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және

құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Мұнайдың үшінші деңгейдегі төгілуі кезіндегі Жедел штабының құрамына мынадай уәкілетті органдардың өкілдері енгізіледі:

№	Топтың және уәкілетті органның атауы
1	Ақпарат өңдеу тобы
1.1	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі
1.2	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
1.3	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
2	Шешімдерді дайындау және күштері мен құралдарды есептеу тобы
2.1	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі
2.2	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
2.3	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
2.4	Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті
2.5	Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті
3	Өзара іс-қимыл тобы
3.1	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі
3.2	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
3.3	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
4	Ақпараттандыру және байланыс тобы
4.1	Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
4.2	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
4.3	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі
5	Мониторинг және болжау тобы
5.1	Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті

5.2	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
5.3	Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті
6	Баспасөз қызметі
6.1	Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
6.2	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
6.3	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
6.4	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі

Теңізде және Қазақстан
Республикасының сақтық
аймағында мұнайдың төгілуі
салдарын жоюға арналған
дайындықты және іс-қимылдарды
қамтамасыз етудің ұлттық жоспарына 6
-қосымша
Нысан

Теңізде және Қазақстан Республикасының сақтық аймағында мұнайдың төгілуі туралы ақпарат

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Кімге: Ақпарат берудің реттік нөмірі (еселік)		
1-бөлім. Бастапқы хабарлама*		
1.	Кімнен	(аты-жөні (болған жағдайда) мен ұйым)
2.	Күні	күн/ай/жыл, уақыт (жергілікті):
3.	Оқиға	
4.	Байланыс деректері	Телефон:
5.	Учаске/орналасуы	
6.	Объектінің/кеменің атауы	
7.	Болжамды көлем	(өлшем бірлігін көрсету)
8.	Төгілу жалғасады	Иә/Жоқ
9.	Қолы	
2-бөлім. Толық сипаттама **		
1.	Күні	күн/ай/жыл, уақыт (жергілікті):
2.	Орналасуы (ендік пен бойлық)	

3.	Желдің жылдамдығы	(өлшем бірлігін көрсету)
4.	Желдің бағыты	
5.	Теңіздің жай-күйі және көрінуі	(өлшем бірлігін көрсету)
6.	Ағыс немесе судың көтерілуі мен қайтуы	
7.	Теңіз суының температурасы	(өлшем бірлігін көрсету)
8.	Ауаның температурасы	(өлшем бірлігін көрсету)
9.	Дақтың қалқуы	(жылдамдық пен бағытын көрсету)
10.	Мұнайдың төгілу көзі	
10.1	Мұнайдың төгілу көзінің алдын ала болжамы	
11.	Оқиға түрі	
12.	Дақтың сыртқы түрі	
13.	Сынама алынды	Иә/Жоқ
14.	Фотосуреттер жасалды	Иә/Жоқ
15.	Зардапты болжау	(Сезімтал учаскелерді көрсету)
16.	Ден қою бойынша қабылданған шаралар	
17.	Қолы	

Ескертпе:

*1-бөлім мұнайдың төгілуі табылғаннан кейін толтырылады

**2-бөлім ақпарат жинағы бойынша толтырылады.

Теңізде және
Қазақстан Республикасының
сақтық аймағында мұнайдың төгілуі
салдарын жоюға арналған дайындықты
және
іс-қимылдарды қамтамасыз етудің
ұлттық жоспарына
7-қосымша
Нысан

Теңізде және Қазақстан Республикасының сақтық аймағында мұнайдың төгілуі туралы ақпарат берудің реттілігі

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 19.11.2025 № 439-н/қ, ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.11.2025 № 489 және ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.11.2025 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

